

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№970940001378/230114/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Каржауов Нурбол Рахматуллаевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Шахманов А.М., талон негізінде әрекет ететін Басшысы Шахманов Азамат Мейрамович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2023-02-01» жыл № 9096190-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 5 241 320.00 (бес миллион екі жүз қырық бір мың үш жүз жиырма тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 561 570.00 тенге (бес жүз алпыс бір мың бес жүз жетпіс тенге нөл тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат



3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері), «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 157 239.60 ((жүз елу жеті мың екі жүз отыз тоғыз тенге алпыс тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 157 239.60 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;



5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.



3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 жұмыс күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;



3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.



7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайда қоспа электрон Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы қызмет жолымен Шарт Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

г.Астана, район Есиль, проспект Ұлы Дала, 13

БСН 970940001378

БСК КСJBKZKX

ЖСК KZ398562203117736903

"Банк ЦентрКредит" АҚ

Тел.: 8(7172) 74-49-79

Директор Каржауов Нурбол

Рахматуллаевич

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):

Шахманов А.М.

г.Алматы, Медеуский район, Пр.Достык , 36, 12

БСН/ЖСН 840503301245

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ126010131000149789

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ

Тел.: +77012223264

Басшысы Шахманов Азамат Мейрамович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 9096190-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2023 қаржылық жыл												
23725455-ОЛ-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шайғыш бөшке	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігіне арналған жуу цистернасы гар.1107	Дана	1	20 944.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	20 944.00
2023 қаржылық жыл												



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шыны	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima автокөлігінің артқы әйнегі гар.1107	Дана	1	56 000.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	56 000.00
------------------	---	------	-----------------------	--	------	---	-----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шам	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima автокөлігінің сол жақ сыртқы шамы гар.1107	Дана	1	117 600.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	117 600.00
------------------	---	-----	-----------------------	---	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шыны	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima автокөлігінің алдыңғы әйнегі гар.1107	Дана	1	76 160.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	76 160.00
------------------	---	------	-----------------------	--	------	---	-----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл



23725455-ОЛ-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Аспа тетігі	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің алдыңғы оң жақ тұтқасы гар.1107	Дана	1	32 480.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	32 480.00
------------------	---	-------------	-----------------------	--	------	---	-----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тік тұру	тұрақтандырғыштың жеңіл автомобильге арналған	Kia Optima көлігіндегі тұрақтандырғыш тірегі гар.1107	Дана	1	5 600.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	5 600.00
------------------	---	----------	---	---	------	---	----------	---	---	--	---	----------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қанат панелі	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima Доңғалақ доғасы ішкі сол жақта автокөлігі гар.1107	Дана	1	263 200.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	263 200.00
------------------	---	--------------	-----------------------	---	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2023 қаржылық жыл



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Жүксалғыш	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің магистральдық қақпағы гар.1107	Дана	1	330 400.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	330 400.00
2023 қаржылық жыл												
23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қанат	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің артқы сол қанаты гар.1107	Дана	1	168 000.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	168 000.00
2023 қаржылық жыл												
23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Есік	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің артқы сол жақ есігі гар.1107	Дана	1	156 800.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	156 800.00
2023 қаржылық жыл												



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қауіпсіздік көпшігі	жүк автомобилі үшін	Kia Optima автокөлігіне арналған жүргізушінің қауіпсіздік жастығы гар.1107	Дана	1	235 200.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	235 200.00
------------------	---	---------------------	---------------------	--	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шатырды қаптау	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің төбесі гар.1107	Дана	1	392 000.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	392 000.00
------------------	---	----------------	-----------------------	--------------------------------------	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Бампер	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің артқы бампері гар.1107	Дана	1	57 120.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	57 120.00
------------------	---	--------	-----------------------	---	------	---	-----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қанат	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің алдыңғы оң қанаты гар.1107	Дана	1	198 240.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	198 240.00
------------------	---	-------	-----------------------	---	------	---	---------------	---	---	--	---	---------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қауіпсіздік көпшігі	жүк автомобилі үшін	Kia Optima автокөлігіне арналған жолаушылар қауіпсіздігі жастығы гар.1107	Дана	1	285 600.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	285 600.00
------------------	---	---------------------	---------------------	---	------	---	---------------	---	---	--	---	---------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қауіпсіздік көпшігі	жүк автомобилі үшін	Kia Optima Қауіпсіздік жастығы көлігінің бүйірлік сол жағы гар.1107	Дана	1	336 000.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	336 000.00
------------------	---	---------------------	---------------------	---	------	---	---------------	---	---	--	---	---------------

2023 қаржылық жыл



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Капот	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігіне арналған сорғыш гар.1107	Дана	1	112 000.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	112 000.00
------------------	---	-------	-----------------------	--	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қауіпсіздік көпшігі	жүк автомобилі үшін	Kia Optima автокөлігіне жүргізушінің қауіпсіздік жастығы төменгі гар.1107	Дана	1	168 000.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	168 000.00
------------------	---	---------------------	---------------------	---	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Түпқойма қорғанысы	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima Қорғау бампер төменгі автомобиль гар.1107	Дана	1	16 184.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	16 184.00
------------------	---	--------------------	-----------------------	--	------	---	-----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Модуль-фара	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің оң жақ фарасы гар.1107	Дана	1	599 200.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	599 200.00
------------------	---	-------------	-----------------------	---	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Есік ілмегі	жүк автомобилі үшін	Kia Optima көлігінің сол және оң жақ жүксалғыш қақпағының ілмегі гар.1107	Дана	2	13 328.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (2)	0	26 656.00
------------------	---	-------------	---------------------	---	------	---	-----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл

23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Радиатор желдеткішінің тұрқысы	жүк автомобилі үшін	Kia Optima автокөлігінің алдыңғы панелі гар.1107	Дана	1	50 400.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	50 400.00
------------------	---	--------------------------------	---------------------	--	------	---	-----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Аспаптар панелі	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima автокөлігінің бақылау тақтасы гар.1107	Дана	1	1 176 000.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	1 176 000.00
2023 қаржылық жыл												
23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Бампер	жеңіл автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің алдыңғы бампері гар.1107	Дана	1	322 560.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	322 560.00
2023 қаржылық жыл												
23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Фара панелі	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Kia Optima көлігінің сол жағындағы фонарь тауашасы гар.1107	Дана	1	26 656.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (1)	0	26 656.00
2023 қаржылық жыл												



23725455-ОЛ-ЗЦП1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Есік ілмегі	жүк автомобилі үшін	Kia Optima Капот ілмегі көлігінің оң және сол жағында гар.1107	Дана	2	6 160.00	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	шарт жасалған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Есіл ауданы Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 13 (2)	0	12 320.00
------------------	---	-------------	---------------------	--	------	---	----------	---	---	--	---	-----------



Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№970940001378/230114/00

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Автохозяйство Управления делами Президента Республики Казахстан", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Каржауов Нурбол Рахматуллаевич, действующий на основании Устав, с одной стороны и Шахманов А.М., именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Шахманов Азамат Мейрамович, действующий на основании талон, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2023-02-01 года № 9096190-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 5 241 320.00 (пять миллионов двести сорок одна тысяча триста двадцать тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, а также все налоги и сборы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе НДС 561 570.00 тенге (пятьсот шестьдесят одна тысяча пятьсот семьдесят тенге ноль тиын) (далее - сумма Договора).

2.2 Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара.

2.3 Объем поставляемых товаров в количественном и стоимостном выражении оговорен в приложении 1 к Договору

2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате:

- 1) подписанный Договор;



- 2) накладная;
- 3) акт(ы) приема-передачи товара(ов);
- 4) отчет о местном содержании в товарах по форме согласно приложению 44 к Правилам;
- 5) электронная счет-фактура с описанием, указанием количества, цены единицы и общей суммы поставленных товаров, предоставленная Поставщиком Заказчику.

3 Обязательства Сторон

3.1 Поставщик обязуется:

- 1) обеспечить полное и надлежащее исполнение взятых на себя обязательств по Договору;
- 2) в течение десяти рабочих дней со дня вступления в силу Договора, внести сумму обеспечения исполнения Договора в размере 3 (трех) процентов от общей суммы Договора равную 157 239.60 тенге и размеров аванса, предусмотренных по предметам Договора согласно приложению 1 к Договору равную 0.00 тенге, тенге, что в общем составляет 157 239.60 (сто пятьдесят семь тысяч двести тридцать девять тенге шестьдесят тиын) тенге в виде: денег, находящихся в электронном кошельке потенциального поставщика;

либо:

банковской гарантии, представляемой в форме электронного документа согласно приложению 38 к настоящим Правилам.

либо:

